

меттік және мәдени түп негізін табу үшін діни қайнарлар іздей бастады. Мұнай қорларымен қамтылған жаңа үкімет пен, мұнайға тойымсыз Батыс қақтығысты одан әрі күшейтті. Сонымен қатар, мұнай төңірегіндегі шу жоғарғы тапты байытып, қарапайым халыққа дейін жетпеді, дәстүрлі экономикалық және әлеуметтік болмысты бұзды. Шахтың жасырын полициясының қатігездігі де жағдайды ушықтырып жіберді.

Адамның діни сенімі зайырлы әлемде модернизациялауға кедергі келтіруі мүмкін, алайда ол әлеуметтік – экономикалық өзгерістерге де септігін тигізе алады /1, 269/. Макс Вебер діннің адамның тәртібіне, көзқарасына, құндылықтарына, ойлауына қаншалықты әсер ететінін тексеру үшін салыстырмалы анализ жасады. Ол келесі қорытындыға келді: қоғам өмірінің сыни сәттерінде дін индивидуалды мотивация көзі бола тұра, және индивид пен әлеуметтің қарым – қатынасын анықтай отырып, ірі тарихи өзгерістердің себепшісі бола алады. Діни этика әлеуметтік әрекетті механикалық тұрғыда анықтамаса да, адамның өзінің материалды және рухани қызығушылықтарын

\*\*\*

1. Васильев Л. С. История Востока. В 2 т. Т.2: Учеб. по спец. «История». М.: Высш. шк., 1994. – 495с.
2. Robin Wright The Last Great Revolution: Turmoil And Transformation In Iran. — New York, NY: Vintage, 2000. — 384 с.
3. История Востока: В 6 т./ гл.редкол.: Р.Б.Рыбаков (пред) и др.; Ин-т востоковедения РАН. – М.: Вост.лит., 1995. Т.6: Восток в новейший период (1945-2000 гг.) / отв.ред.В.Я. Белокреницкий, В.В.Наумкин – 1095 с.:карты.
4. Агаев С.Л. Иран между прошлым и будущим. События. Люди. Идеи. –М.: Политиздат, 1987.-319 с.
5. Н.М. Мамедова и Мехди Санаи. Иран: ислам и власть.-М., Институт востоковедения РАН, Издательство «Крафт», 2002.-280с.

анықтап, оларды қалыптастыруға түрткі болады деп есептейді. Дін прогресске кедергі келтіретін, және Ирандағыдай дәстүрлі үкіметті қолдайтын күш болуы мүмкін. Алайда дін инновациялар мен рационалды экономикалық қызметке түрткі болатын әлеуметтік өзгерістердің факторы болуы да мүмкін.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, 1978-1979 жж. елдегі экономикалық, саяси, әлеуметтік, идеологиялық тұрғыда әбден шиеленіскен жағдайда Ислам революциясында жеңіске жеткен ислам жақтаушылары, қарапайым халықты осы дін арқылы, оның әділ заңдары мен ақыл кеңестері арқылы өздеріне қаратты. Алайда шынайы ислам дінінің не екендігін анық түсініп, оған шын ықыласпен сенсе де, олар «исламдық даму жолы», «Ислам республикасы» деген тіркестердің мағынасын сол кезде анық түсінбеді. Олар шахты тақтан құлатып, халықты мүшкіл жағдайдан шығару мақсатымен революцияға бел буды, ал осы мақсатқа жетуге, яғни халықты бірауыздан біріктіріп, төңкеріс жасауға ислам діні мықты дінгек бола алды.

С.Б.Дружиловский. К вопросу о характере антишахской революции в Иране.

\*\*\*

В данной статье изучаются вопросы причин выхода сторонников ислама на первые позиции. Посредством изучения экономического, политического, социального, и идеологического состояния иранского народа до исламской революции.

\*\*\*

This article is devoted to the reasons of Islam supporters exit on the first positions by analyzing economical, political, social, and ideological conditions of Iranian people before Islamic revolution.

## Қ. Ә. Жүніс

### 1980-90 ЖЖ. АҚШ САЯСАТКЕРЛЕРІНІҢ СЫРТҚЫ САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Бүгінгі күні бақылап тұжырымдасақ, демократиялық және республикалық әкімшіліктердің алмасуы, ішкі талас-тартыс және ықпалды саясаткерлер арасындағы кадрлық ауыстырулар, сонымен бірге Конгрестегі түрлі лоббистік топтар арасындағы күрес АҚШ-тың сыртқы саяси бағытын анықтайды. Тәжірибеде сыртқы саяси пікір белгілі бір әкімшіліктің сыртқы саяси стратегиясы және оны жүзеге асырудың арасында кері байланыс болғандықтан көп бағытты болып келеді. Көзделген жаһандық стратегия үнемі әлемде қалыптасып жатқан жағдайларға, халықаралық сахнадағы негізгі әрекет етуші

тұлғаның белсенділігіне, ал соңғы уақытта халықаралық бейберекетсіздіктің басты таратушылары-лаңкестердің іс-әрекетіне байланысты өзгертіледі.

Осыған байланысты бұл туралы жазған бірқатар американ неоконсерваторларының идеялары үлгісінде 90-жылдардың американдық геостратегиялық жоспарлауының бақылау пайдалы болып табылады. Бұл теорияның тәжірибелік жүзеге асырылуын держава мәртебесіне оның беделі мен Таяу Шығыстағы мәселелермен шешімдерінің істеріне қатысуының дәрежесі ықпал ете алатындығы туралы бірнеше мәрте

дәлелденген көзқарас ретінде қарастыра отырып, Таяу және Орта Шығыстың мәселесімен байланыстырып қарастырған жөн.

1. Американдық жаһандық ықпалдың идеологиясы.

Өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғы мен 90-жылдарының басында әлемдік саясат дамуының жаһандық түсінігі американдық глобализм идеологы, АҚШ президентінің 1977-1981 жж. Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі, стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығының кеңесшісі, болашақты жоспарлайтын халықаралық зерттеулер мектебінің профессоры З. Бжежинскиймен өңделді. Ол «Шектелген жаһандық міндеттеме» (1991 ж.), «Қырғи-қабақ соғыс және оның салдары» (1992 ж.), «Тәртіп, тәртіпсіздік және АҚШ көшбасшылығы» (1992 ж.), «Ұлы трансформация» (1993 ж.), «Еуропаны жоспарлау» (1995 ж.) деп аталатын бірнеше еңбектерін жариялады. 1997 жылы ол Құрама Штаттарының жаһандық стратегиясына қатысты өз көзқарасын ашық баяндайтын «Ұлы шахмат тақтасы: Америка үстемдігі және оның геостратегиялық императивтері» деп аталатын еңбегін шығарды.

Американдық жаһандық ықпалдың растауын соңғы жақтаушы Бжежинский бұл еңбекте геостратегиялық жоспарлаудың көзқарасы бойынша 1997 жылдағы қалыптасқан жағдайлардың перспективті сараптамаларына сүйенген. Ең маңызды геосаяси күштердің нақты жағдайынан туындап, негізгі геосаяси орталықтарды анықтай отырып, автор ұлы держава ретінде Құрама Штаттардың жақын және ұзақ мерзімді жаһандық стратегиясының көрінісін сипаттады. Ол сол кезде АҚШ-тың жаһандық саясатындағы келесі приоритеті міндеттерін айқындады: «Алдағы бірнеше он жылдықтар ішінде біртіндеп өзіне тұрақтылық және бүкіл әлемдегі бейбітшілік үшін жауапкершілік жүгін алып жүруге қабілетті халықаралық «регент» ролін алатын геосаяси шындық есебінен құрылған жаһандық ынтымақтастықтың қызмет етуші жүйесі құрылуы мүмкін. Бұл істе қол жеткізілген геостратегиялық сәттілік Американың бірінші, жалғыз және соңғы шынайы әлемдік ұлыдержава ретіндегі ролін зандандырады» /5/.

1997 жылғы Бжежинскийдің пікірін - тек ғалым-саясаткердің ұстанымы деп есептеу дұрыс болмас еді. Сонымен қатар жарияланғаннан кейін бұл еңбек американдық ғалымдар тарапынан сынаққа түсті. Ескеруіміз керек, Бжежинский АҚШ-тың сыртқы саяси бағыттың бірнеше он жылдықтар бойы құрып келе жатқан беделді саясаткерлері ортасының сыртқы саяси стратегия мәселелері бойынша пікірін сипаттады.

Бұл бағыт американдық жаһандық үстемдік идеологиясы ретінде айқындалған, қалыптасқан идеологияға ұласты деуге болады. «Ұлы шахмат тақтасы» авторының пікірінше, американдық жаһандық үстемдік төрт негізгі факторларға негізделеді: «әскери салада өзіне ешкім тең келмейтін жаһандық мүмкіндіктеріне ие; экономика саласында әлемдік дамудың негізгі қозғаушы күші болып қала береді; технологиялық қатынаста алдыңғы ғылыми және техникалық салаларда баламасыз көшбасшылықты сақтайды; мәдениет саласында Америка өзіне тең келмейтін тартымдылыққа ие, әсіресе бүкіл әлемдегі жастар арасында, - осының барлығы Құрама Штаттарға әлемнің ешбір мемлекетінде жоқ саяси ықпалдылықты қамтамасыз етеді» /5/.

Кейбір мәселелерді қамтыса да, бұл тезистердің әрқайсысы әділ. Жалпы, олар американдық истэблишмент ортасындағы қатпардың, сұңқарлар деп аталатын қазіргі АҚШ әкімшілігі саясаткерлерінің көп бөлігінің американдық әлемдік көшбасшылығына жалпылама қадамын суреттейді. Бұл тезистердің әрқайсысын қозғай отырып, идеологиялық орнатылымның әр пункті бойынша, ол қандай дәрежеге дейін орындалған факт болып табылатынын, бұл американдық максимум-бағдарламаның жүзеге асырылуына қандай факторлар кедергі жасайтынын, сонымен қатар Құрама Штаттардың әлемдегі көшбасшылық ұстанымдарына қандай жағдайлар мен әлемдік - оларды қатайту немесе босату ықпал етуге немесе ықпал ете алады екендігін бақылау өте қызық болар еді.

Ең алдымен, американдық мәдениеттің тартымдылығы мен жаһандық үстемдігі туралы тезистің біртектілігі күмән тудырады. Мәдени-өркениеттік көзқарас бойынша әлемдік ынтымақтастық пен жаһандық көшбасшылық мәселесін Сэмюль Хантингтон да қарастырған. Өркениетті тәсілді қолдай отырып, Хантингтон қазіргі және болашақ жаһандық әлемдік үрдістерді әлеуметтік-мәдени плюрализм мен жаһандық унификация призмасы арқылы қарастырды. Мұндай тәсіл, сөзсіз, күшті құқыққа ие және қызықты. Сонымен қатар, әлемдік микроэкономикалық және геосаяси тенденциялар тек осы көзқарас бойынша қарастырылды, яғни тұтастық және жүйелік жандандырудың мақсаты болған жоқ. Бжежинский бұның негізгі ең алдымен ірі трансұлттық компаниялардың қаржылық ұмтылыстары мен ұзақ мерзімді инвестициялық және жарнамалық саясаты болып табыладығы туралы айтпайды. Жалпы, қоғамдық-саяси дамудың американдық үлгісінің тартымдылығы туралы айтқан кезде, Бжежинский үнемі Құрама Штаттарының әлемдегі көшбасшылығының күшеюіне тікелей ықпал етуші маңызды фактор

ретінде мәдени факторды да келтіреді. Осылайша, социалистік топтар мен капиталистік елдер қарама қайшылықтарының нәтижеге мәдени тәртіп құбылыстары да үлкен әсерін тигізді. Америка басқарған коалиция тиімді ретінде американдық саяси және әлеуметтік мәдениеттің көптеген анықтамаларын қабылдады. Американың Еуразия континентінің батыс және шығыс аймақтарындағы аса маңызды екі одақтасы - Германия мен Жапония өз экономикаларын американдық қолдаусыз контекстінде қайта қалпына келтірді. Америка болашақтың өкілі ретінде, таңдану мен еліктеуге сай қоғам ретінде қалыптасқан.»

Мәдени ықпалды 4 «әлемдік биліктің шешуші мәні бар саласының» бірі ретінде бөле отырып, Бжежинский, мәдениеттің үлкен ролін көрсетеді. «Мәдени артықшылық Американың жаһандық күшінің бағаланбаған аспектісі болып табылады. Кейбіреулер туралы не ойласа да, американдық бұқара мәдениет магниттік тартымдыққа ие... Американдық телебағдарламалар мен көркем фильмдер әлемдік нарықтың төрттен үш бөлігіне ие. Американдық музыка да үстемдік орынға ие және американдықтардың айналысатындарына, тамақтану, тіпті киімдеріне бүкіл әлем еліктейді. Internet тілі – ағылшын, жаһандық компьютерлік көп бөлігі американдық көптеген дәстүрлі мәдениеттер, соның ішінде мұсылмандық көз-қарас та, шындығында американизмге толы және өз ішінде американдық үлгідегі кейбір либерализация тенденцияларын табады. Ескере кету керек, бұл элементтер ұлттық мәдениетке өз бетінше және өзін-өзі бағалаушы ретінде емес, жоғары технологиялар мен қазіргі коммуникация құралдарының белсенді енгізілуі үрдісіне ере жүру ретінде енгенін ұмытпаған жөн /5/.

Сондықтан, американдық әлемдік көшбасшылық идеясының, сонымен қатар мұсылмандық дәстүршілер мен фундаменталистер арасындағы қарама-қайшылықты ұстап тұрудың маңызды факторы болып келесі қағидаларға негізделетін американдық экономиканың жаһандық анықтамасы:

- Жоғары технологиялар саласының дамуын инвестициялау;
- Орта технологиялық және энергия саласындағы жетістіктерді үшінші әлем елдеріне шығарылуы;
- Банктік жүйені ұстану;
- АҚШ әрекеттері мен әлемдегі жағдайларға анықталған көзқарасты растау мақсатында БАҚ саласындағы масштабтық инвестициялау /1/.

Жоғарыда көрсетілген мәдени империализм деп аталатын саясаттың өмір сүруіне се-

бепші бола алады. Құрама Штаттардағы гегемонизм идеясын ұстанушы жас саясаттанушылардың жасаған концепциясы қазіргі уақытта американдық идеологиясындағы үстемдікке ие. Бұл ағыстан американдық жаһандық көшбасшылық деңгейі түсінігімен ажыратылатын анықталған бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Американдық сыртқы саясаттың ресей зерттеушісі Т.А. Шакеи американдық саяси пікірдің бірнеше негізгі бағыттарын бөліп көрсетеді: 1) Құрама Штаттарының «қатаң» әлемдік үстемдігі түсінігі; 2) көшбасшылықтың либералды – консервативті түсінігі және 3) көшбасшылықтың «икемділік» түсінігі - либералды-реалистік. Барлық 3 бағытта халықаралық қатынастардың негізгі бағыты ретіндегі АҚШ-ң қазіргі және болашақтағы әлемдік роліне деген қадамымен сипатталады.

Гегемонизмді жақтаушы авторлардың (Р.Кейган, Ч.Краутхаммер, М.Макфол және т.б.) еңбектерінде түрлі геосаяси орталықтарға қысым көрсету тәсілдері қарастырылған. Олардың тәсілдерінің ортақ идеясы - Құрама Штаттардың көп жоспарлы әлемдік үстемдігі. Бұл концепцияның жақтастарына белсенді әрекет етуші саясаткер арасынан П.Вулфовитцті, Д.Чейниді, Д.Рамсфельтті жатқызуға болады.

Қорыта айтсақ, американдық көшбасшылық түсінігінің ең тұрақты жақтастары көпполярлы әлем және күш тепе-теңдігін үлкен сақтықпен ұстану туралы айтады. Осылайша, Иммануэль Валлерстайн мен Кристоферь Лейн бұған байланысты Құрама Штаттардың ішкі дағдарысы мен оның қазіргі деңгейде әлемдік сот ролін ойнауға қабілетсіздігі туралы айтқан. Өз еңбектерінде олар АҚШ ұмтылыстарының өзіне экономикалық және саяси бағынуына емес, әлемдегі күштер тепе-теңдігіне жетуіне шоғырлануы талап етеді. Алайда бұл саясаттанушылар пікірінше бұл үрдістегі координатр мен бақылаушы ролі америкаға берілуге тиіс.

\*\*\*

1. Бжежинский З. Великая шахматная доска. - М., 1998.
2. Киссинджер Г., Нужна ли Америке внешняя политика: к дипломатии для XXI века. - М., 2002.
3. Гусейнов В., Денисов А., Савкин Н., Демиденко С. Большой Ближний Восток. - М., 2007.
4. Уткин А.И. Единственная сверхдержава. - М., 2003.
5. lib.ru > POLITOLOG/AMERICA/bzhezinskij.txt

\*\*\*

В настоящей статье описываются позиции и направления политиков США во внешней политике своей страны. А также проведен анализ будущей политики США на пути мирового уровня лидерства.

\*\*\*

There is made a survey of the positions and lines of politicians of the USA in external policy of their country. Also, the future policy of the USA on the way of world level leadership has been analyzed.